

# Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

## Қазақ туралы жыр

(Оралхан ойға оралғанда)



Оралхан «Лениншіл жасқа» қызметке шақырылып, алғаш Алматыға келген күні біздің үйге келіп қонды. Бұл біздің тұңғыш танысқан сәтіміз. Оған дейін Оралханды редакцияға жолдаған жазбалары арқылы сырттай ғана танытынмын. Ал бейтаныс жігіттің

табан астында атбасын біздің үйге тіреуі кездейсоқтық па, жоқ әлде Жаратқанның жазуы ма, ол жағын кесіп айту қиын.

Нақ сол күні ақын Төлеген Айбергеновтің жылына орай редакцияда қызмет істейтін әйелі Үрниса ұжымды үйіне шақырған. Оралханды да ерте барғанбыз. Қайтар кезде есік алдында оңаша тұрған Оралханнан қайда тоқтағанын сұрадым. «Оны өзім де білмеймін, қонақ үй іздейтін шығармын» деген жауап алдым. Сөйтсе таңертең шамаданын вокзалда қалдырып, бірден редакцияға келген екен. Мен ойланбастан үйге шақырдым. Содан екі айдан астам уақыт, елден келіншегі Айман көшіп келіп, жалға пәтер тауып алғанша біздің отбасының бір мүшесі болып кетті.

Міне, сол бір сәтті күннен басталған арақатынасымыз ол іссапармен Үндістанға аттанғанға дейінгі аралықта өткен ширек ғасырда шарболаттай шыңдалып, шынайы достыққа айналған еді. Туыстай табысып, ағайындай араластық, жан сырымызды, қуаныш-қайғымызды бөлістік. Риясыз сыйластығымыздың сырын кетірмей, адал достығымызды аялап ғұмыр кештік. Иә, Оралхан менің нағыз досым еді. Тіпті, басқалар түгіл, «жеті жетім» ішінде де Оралхан екеуміздің жақын-жарастығымыз бөлекше болатын. Енді міне, тірі болса жасы жетпіске толуын тойлап жататын сол ерте айырылған есіл досымды есіме алып, сыр бөлісіп отырған жағдайым бар. Құдай басқа салған соң көнбеске не шара?! Тағдырдың жазуы осылай болғаны да...

Ойда жоқта Оралханнан айырылып, ортамыздың ойсырап қалғанына тура жиырма жыл толыпты. Бұл бір біздер, отбасы, қатар жүрген достары ғана емес, жалпы ел-жұртының еңсесін езген оқыс оқиға, қабырғасын қайыстырған қаза болатын. Мезгілсіз, төтесінен келген ажалға қанша қайғырып-қапалансақ та, артының қайырын тілеп, шүкіршілікке жүгінуге мәжбүрміз. Өзі өлсе де сөзі тірі жазушының ғибратты ғұмыры жалғасып, қалың елі қазағының жадында жүргені көңілге медет. Көркем шығармалары көпшіліктің көңілінен шығып, есімі қазақ әдебиетінің тарихына жазылған жайсаң жазушы Оралхан Бөкейді ұлты ұлықтап, құрмет көрсетіп, жетпіс жылдық мерейтойын өткізіп жатқандығы қандай керемет! Хас талантқа, дара дарынға деген тағзым, еңселі елдіктің белгісі осындай болса керек!..

Оралхан аяулы атамекені – Алтай аймағының тылсым табиғаты мен қарапайым адамдарының болмыс-бітімін, тірі бейнелерін өз шығармаларында жарқырата жазғанын. Күнделікті күйбең тіршіліктің, алмағайып әлеуметтік өмірдің тынысын тап басып, көркемдік шындықтың көрігінде шыңдап, боямасыз болмысын жеріне жеткізе жазу арқылы сүлей суреткерлігін танытқан орны бөлек жазушы Оралхан еді. Оның сан салалы тақырыпты қамтыған, қилы тағдырлы кейіпкерлер сомдаған көркем шығармаларының оқиғалары да қиялдан құрастырылмаған. Шынайы шындық – көркем әдебиеттің көркі екендігін жан-жүрегімен түсінген жазушыға тән осы қасиет Оралхан көркемсөздеріндегі кейіпкерлері – ауылдастарының өмір-тіршілігіне арналған көркемсөздеріне де көшкен. Оған көз жеткізгіңіз келсе таяуда жарық көрген «Біздің Оралхан» деген қалыңдығы сүбе қарыс кітапты оқуыңыз керек. Онда қаламгердің жерлестері жазған естеліктер мен суреттер топтастырылған. Кітапты оқу барысында Оралханның әңгіме-повестерінің тірі кейіпкерлерімен танысып, тіл десесіз. Жазушының ел-жұртының жүрегінде өшпестей із қалдыруының басты сыры осы болса керек. Ал Оралханды көркем әдебиетке әкелген оның очерктері, яғни журналистік жолы болатын. Бұл жанрда О. Бөкей салған соны соқпақты қаламгерлер қауымы түгел мойындаған. Оның кейіпкерлерін өңіріне қадаған орден-медальдарына қарап емес, адами қадірқасиеттері арқылы танып-танытуды ерекше мансұқтаған ұстаз-журналист ретінде аты шықты. Бұл қазақ журналистикасындағы жаңа жол – сара жол екендігі шүбәсіз шындық. Ендеше, Оралханның көркем шығармаларындағы кейіпкерлерінің бейнесі: мінез-құлқы, ой-санасы, іс-әрекеті ескі таныс-біліс кісіңді кездестіргендей, бірден көзіңе жылы ұшырап, жүрегінді тебіrentіп толғантып, керемет әсерге бөлеуінің тағы бір сыры осы болар деймін.

Қазақтың аса дарынды жазушы-драматургі Оралхан Бөкей есімі қалың жұртшылыққа өзінің қайталанбас қолтаңбасы арқылы кеңінен танылған талант. Оның

жазу мәнері, сөз саптауы, кейіпкерлер образының оқшаулығы, сюжетінің сонылығы, тақырып таңдауы – бәрі-бәрі жаңаша, өзгеше, өзінше. Қазақ прозасының қарымды да дарынды өкілі – Оралхан өз сөз өрнегі, өзіндік суретті сөзі бар жазушы. Ол өзінің терең түйсігіне сай өлшеп-пішіп, өз парасат-пайымына сай пікір айтудың да айтулы шебері. Оның ой сабақтап, түйінін таратуы да өзгеше. Әр сөздің сырсыпатын түсініп-түйсінуі де кісіні қайран қалдырады. Жазушының бөстекі қызыл сөз бен қысыр сөзге қаны қас. Керісінше, қарапайым сөзге қан жүгіртіп, қызғалдақтай құлпыртып жіберетініне таңғалмасқа шараң жоқ. Жазушының жанды сөзі арқылы оның сомдаған кейіпкерлерінің бейне-болмысы көлбеңдеп көз алдыға келе қалатын құдірет күшке ие. Оралханның дүние құбылыстарын суретшінің көзі мен көріп, қаламы қылқаламға айналып кететіні де ғажап құбылыс. Ал оның тілінің еркін есіліп-төгіліп тұратын шұрайлылығы – жазушының ана тіліне уызынан жарығандығының нақты белгісі. Бұл жерде менің тіл мәселесіне тәптіштей тоқталуымның себебі – жазушының көркем шығарма жазардағы басты құралы тіл шеберлігіне тікелей байланысты екендігін еске түсіру. Оралхан суреткерлігінің кереметтілігі сол – сен бармай, көрмей-ақ алыстағы Алтайдың ғажайып келбетін, таңғажайып табиғатын көз алдыға елестете де, сезіне де алатының. Сөз құдіреті деген де осы болар. Жазушы шеберлігі дегенге риясыз сендіретін де осы бір сөзбен сомдалған суреттер ғой. Жазушының тілге шебер, сөзге мырза, ойға жүйрік болғандығы оның образ айшықтап, кейіпкерлерін бейнелеуіне даңғыл жол ашылып отыр.

Дарынды жазушының даңқын шығарып, қалың оқырман алдында абыройын асырған, әрине, ұлт әдебиетінің алтын қорына қосылған көркем шығармалары. Оралханның әңгіме-повестері мен романдарындағы әрбір кейіпкері ешкімге ұқсамайтын мінез-құлқымен, сөйлеу мәнерімен, ойлау жүйесімен, тіпті бет-әлпеті, жүріс-тұрысымен де елден ерекше. Сон дай-ақ, олардың пікірі, көзқарасы, жандүниесі бөлекше жаратылған. Бірде-бірі өзге жазушылардың қаламына ілікпеген айрықша тағдырлы адамдар. Таңдаған тақырыбының шығарма идеясына, көздеген мақсат-мұратына сөзсіз сайма-сай келуі де ерекше ескерілген. Уақыт тынысын, мезгіл мінезін, қоғам тіршілігін адамдар тағдыры арқылы сөзбен бейнелейтін суреткер деңгейіне көтерілген жазушының бірегейі де біздің Оралхан.

Тырнақалды туындыларының арқауы сонау еліміздің қиыр шетінде жатқан шағын ғана Шыңғыстай ауылы адамдарының өмір-тіршіліктері мен қилы тағдырларын көркем әдебиетке көшіруден бастау алғанын білеміз. Оны Оралханның «Ауыл хикаялары» әңгімелер жинағының желісінен аңғарамыз. Жазушылық жолға жүрегіне жауапкершілік артып, даярлықпен түскендіктен де арманына жетті. Жаны таза, сезімтал, әсершіл, қиялшыл, бозбала зердесін байытып, ой-өрісін, білімін кемелдендірген соң, әлем әдебиетінің жауһарларын оқып-тоқып және туған халқының қадір-қасиетін, тілі мен тарихын санасына сіңіріп, жан сарайын байытып, қиялын ұштаған соң, яғни жазушыға қажетті бес қаруын түгел сайлап алған соң ғана қолына қалам алған. Өмірді зерттемей, қоғамдық-әлеуметтік құбылыстарды зерделемей жеңіл жолмен жазушы болмасын ол әрине білген. Бұған қоса Оралханның бойында ең алдымен табиғи талант, қабілет-дарын болатын. Ол жаратылысынан дарыған киелі қасиеті еді.

Кешегі кеңес билігі кезінде де біз Оралхан шығармалары арқылы сол заманның адамдарын танып-білдік, сол уақыттың тыныс-тіршілігін сезіндік. Шымшымдап, емеурінмен болса да ол тілге тұсау салған саясат қақпанын айналып өтіп, ақи қатты айтуға асықты. Сөйтіп, тума таланты мен үзбей ізденісі арқасында туған әдебиетіне олжа салған Оралхан шынайы шеберлік пен хас қаламгерліктің арқасында бақыт құсын қолына қондырған.

Менің білуімше, Оралханның жазушылық ерлігі – кешегі халқымыз басынан кешірген зұлмат заман зардаптарының төл шығармаларының төрінен орын алуы. Мысалы, жас кезінде жазып, алғашқы кітабында жарық көрген «Терісаққан» деген повесі бар. Ұлтының ұлы арманы мен өмірлік өкінішін бұдан асырып ашық айтып, ақтарыла сыр ашу мүмкін емес. Кеңестік кезеңде халқының қайғы-қасіретін, қиын тағдырын тұспалдап-

астарлап айтудың жіңішке жолын тауып, оқырмандарына ой салып, сана-сезіміне сәуле түсіріп, жігерлендіріп, еркіндікті аңсаған елжұртын азаттық алуға асықтырған, тіпті, астыртын әрекетке шақырған шығарма. Повеске «Қазақ туралы жыр» деп қосымша тақырып қоюында терең сыр бар. Халқының қазіргі (кеңес кезеңі) хал-жағдайын, тар жол, тайғақ кешулі тағдырын өмір-өзенге айналдырып, шығарманың негізгі мазмұны мен мақсатының жымын білдірмей, өңін айналдырып жазып шыққан. Түпкі идеясын түсінбей, жай ғана табиғаттың тылсым мінезін сөзбен суреттелуі ретінде қабылданған туындының сыры тереңде жатқанын аңғармаған цензорлар мен саясаткерлерге мың да бір рахмет. Дарынды жазушы ел алдындағы азаматтық-қайраткерлік парызын осылай өтеген болатын.

Зейін қойып, зерделей оқыған кісі Оралханның «Бура», «Кербұғы», «Құм мінезі», «Атау кере», т.б. шығармалары да тап осындай мақсат-мұратты көксей жазылған көркем шындықтың шеңберіндегі туындылар екендігін жазбай таныры сөзсіз. Бұл жерде мен аталған шығармаларды талдап, сыни саралап уақыт оздырмаймын. Менің мақсатым Оралханның жазушылық қыр-сырын сипаттап, сыр бөлісу. Жалпы, мен Оралханның шығармашылығы мен адами өмірі туралы кезінде 4-5 мақала жазып, оларды баспасөз беттерінде жариялап, өз пікірімді ортаға салғанмын. Ал аталмыш туындылардың көркемдігі мен мақсатына көз жеткізгісі келген жас ұрпақ оқырмандарына Оралханның мерейтойы қарсаңында мемлекеттік тапсырыспен, Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің қамқорлығымен жарық көрген жеті томдығын оқып шығуға кеңес берер едім...

Қазақ жерінің таңғажайып табиғаты мен ұлтының жандүниесін Оралхандай оқырмандарын ойлантып, шешіле сырласып, жарқырата жазып, шебер суреттеген жазушы некен-саяқ. Шындығына келгенде Оралхан өте-мөте шағын жанрдың шынайы шебері еді ғой. Әңгіме-эсселерінің мазмұны бай, идеясы иманды, тілі өрнекті. Оның үлкенді-кішілі туындылары кестелі көркем тілмен жазылғандықтан да оқуға жеңіл, тартымды да қызықты.

Жалпы, табиғат суреттерін кейіпкерлерінің көңіл күйіне, сезіміне, өмір-тағдырына үйлестіре, үндестіре қара сөзбен жырлаудың, сол табиғатпен тірі жандай тілдесіп, сырласып, мұндасудың тамаша үлгісін төл әдебиетімізге әкелген де жазушы Оралхан. Ол қай шығармасын да поэтикалық пафоспен мөлдіретіп, жырдай жырғып жазған жалғыз жазушы. Оның көркемсөзі өлеңдей оқылады. Мұны, әсіресе, «Мезгіл әуендері», «Табиғат – өмір – адам», «Ел мен жер» т.б. шығармаларын оқыған сәтте бірден байқайсың, тамсанып, таңданып қайран қаласың.

Енді Оралханның жазушылық шеберлігі мен ерекшелігін айғақтайтын түйінді ойларымды айтып, пікірімді қорытындылайын. Ол әдеби кейіпкерлеріне жалаң мінездеме бермейді, кімнің кім екенін жазушы суреттеуі бойынша мінез-құлқынан, ойпікірінен, түйсік-түсінігінен, іс-әрекетінен танысың. Қаламгердің өз замандастары кешкен ғұмырдың қуаныш-қайғысын, арман-аңсарын, ой-өрісін, тірлік-тынысын жас ұрпаққа жеткізіп, олардың санасында саралап, сабақ алуын көздеп отырғанын айтпай аңғарасың. Қазақтың қара сөзін құлпыртып, жан бітіріп, жауһардай жайнатып жіберетін суреткер жазушының таланты, талғампаздығы, шығармаларының көркемдік кестесі керемет келісті. Бұл болса, қаламы қарымды, ойы толымды, тілі шешен жазушының жазбалары оқырмандарын жалықтырмай, жетелей, желпінте окитын шырайлы шығармалар екендігіне нақты дәлел. Оралхан шығармаларындағы жаны жомарт, сезімі мөлдір, ары таза көптеген кейіпкерлеріне қарадай ғашық боласың. Солармен кітап беттерінде болса да кездесіп, сөйлесіп, сырласқың келіп кететіні тіпті ғажап қой. Ал кейіпкерлерімен бейне тірі адамдардай сұхбаттастыруы жазушының қоғамдағы қайнаған өмір-тіршіліктің қак ортасында жүргендігінің, адамтану қабілетқасиетінің арқасы. Жазушы бізге өмір сабақтарын, қоғамдық-әлеуметтік ортадағы құбылмалы құбылыстарды санасында саралап, ойлы оқырманға тәлімдік мәні маңызды, тұжырымы түйінді, рухани тәрбие беретін тамаша туындыларын қалдырды. Оралхан өзінің артына қалдырған бай рухани мұралары арқылы өмірдің өліарасы – қоғамдық құрылыстың алмасуы заманында адамдық

қасиеттерді қалай жоғалтып алмауға болатынын таразы басына тартып, ой бөлісіп, сіз бен бізбен сырласты. Оның шығармаларындағы кемел ойлар, түйінді толғамдар, парасатты пайымдаулар, заңғар зерделілік, өрісті өре бірден көкейіңе қона кетері сөзсіз. Қай шығармасында болмасын қаламгер адам өмірін, қазіргі қоғамның тіршілік-тынысын сан қырынан саралап, тұлғалы кейіпкерлер бейнесін көркем ойға орап көрсетуге аса ынталы, әр кейіпкерін рухани кемелденудің үлгі-өнегесі ретінде кейіптеуге асық. Ал адамның ішкі жансарайының құпия да жұмбақ қыры мен сырын ашып жүрекке жеткізе суреттеу жазушы Оралханға берілген тағдыр сыйы, талант жемісі. Қазір заман да, адам да өзгерген өтпелі кезең. Иә, бүгінгі адамдардың бойынан жаны жайсаң, пейілі пәк, арманы асқақ бекзат болмысты шам алып іздесең де кездестіруің қиын. Замандастарымыздың тұрмысы ғана төмендеп кеткен жоқ, сондай-ақ олардың рухани жан дүниесі де жүдеп-жадап бара жатқаны қандай қасірет. Жазушы арманы адамдардың табиғи таза жаратылысын жоғалтып алмаса деген ізгі ниет. Осындай Оралханның сәтті қиялы, арманшыл, ақжүрек, адал кейіпкерлерімен сырласып, бір жасап қалуды аңсайсың... Айтып-айтпай не керек, Оралханның лирикалық-психологиялық әрі лирикалық-романтикалық проза жанрына тұңғыш түрен түсірген бірегей суреткер екендігін ашып айтуымыз керек. Көркем әдебиет адамның жан дүниесінің айнасы және оның өзін өзі тануына жол ашатын өзгеше өнер. Оралхан шығармалары осындай ой түйгізеді.

Әлбетте, жазушы қоғамның қозғаушы күші. Уақыт ушықтырған қателіктерді сынау, сол кесірлі кезеңнің бүркеулі тыныс-тіршілігін ашып көрсету, сөйтіп өмір-тіршілікті өркендетуге үлес қосу көркем әдебиеттің еншісінде. Оралхан осы қағидатты да берік ұстанды. Шығармаларын оқи отырып еліміздің әлеуметтік өміріндегі өрескел қателіктердің, экономикамыздың құлдырауының, саяси-рухани теңсіздіктердің себеп-сырына тереңнен ой жүгіртіп, ұрыншақ ұраншылдықтың, даурықпа даңғазалықтың, кесірлі көзбояу шылықтың ақиқаттан аттап өтіп, ар-ожданнан айырылуымыздың қоғамды құлдырату мен адамдарды әлеуметтік теңсіздіктің, сыңаржақ солақай ұлттық саясаттың орға жығарын жете зерделеп, жасырып-жаппай жазған жазушы туындыларына тұщынып, шындығына шын көңілден риза боласың. Қысқасы, сан-салалы, толағай тақырыпты жазушы туындыларына жеке-жеке тоқталып жатпай, жалпылама сипаттама беріп, сыр бөліскенде осындай-осындай ойларға келдік. Оралханның қандай жазушы екендігін бағалауға осы пікір-толғамдарымыз әбден жеткілікті.

Сөз соңында Оралханның күнделігінде жазылған екі пікіріне түсінік бере кетпекшімін. Біріншіден, жалғыздық туралы айтқанын біржақты, теріс топшылап, тон пішіп жүргендер бар екен. Бұл әсте қате пікір. Әңгіме төркініне тереңірек үңілсек, мәселенің мәнісі мүлде басқада. Шындыққа жүгінсек, жалғыздық жазушыға ғана жарасатын мінез ерекшелігі, шығармашылық кәсібіне байланысты қажетті ғадет. Өйткені, ол өзімен-өзі, оңаша отырып, ой толғап, сыр ашып, оқырмандарымен сырттай сөйлесетін сәт. Сөйтіп, көптің көкейіндегі сөзін тауып айтып, шығармаларына халқының асыл мақсат-мұратын, арман-аңсарын арқау етуге тиіс. Бұл ретте жазушыға серік болатын ешкім жоқ. Ол тек өз қабілет-қарымына, құдай берген дарынына сенеді. Жалғыздық деген осы. Ал отбасы, ағайын-туғаны, елжұрты, қызмет ортасы, дос-жарандары бар, атақты жазушы Оралханның жапанда жалғыз қалуы мүмкін емес қой. Рас, оның басына тағдырдың талқысы көп түскенін білеміз. Ол апа-қарындасы, әке-шешесінен ерте айырылды. Сондай-ақ, сүйікті жары Айман да қапияда көз жұмып, қасірет шектірді. Алайда, ол таза пендеуи жалғыздықта ғұмыр кешкен жоқ.

Зарықтырып болса да құдай Оралханға Ардақ пен бас қосқаннан кейін қос құлын – Айхан мен Айжанды берді. Бүгінде екеуі де жоғары білім ді, білікті азаматтар. Олай болса, жазушылық жалғыздықты рухани жалғыздықпен шатыстырып алмағанымыз жөн болар.

Екінші бір жаңсақ пікірді де қоштай алмаймын. Осы жерде Оралханның аузына «менде нағыз дос жоқ...» деген ащы сөздің не себепті аузына түскенін білетін кісі ретінде сыр сабақтайын.

Бірде түнгі сағат он екілер шамасында Оралхан телефон соқты. Жазушылардың шығармашылық үйінде жатқан кезі. Амансаулық сұрамастан қызулана сөйлеп кетті. Даусынан діріл, сөзінен қатты реніш сезіліп тұр. Сөйтсе, өзі редактор болып істейтін «Қазақ әдебиетінде» жарияланған бір досының мақаласына екінші бір автор қарсы пікір жазыпты. Соны оқып шамданып, ашу шақырған екінші бір досы кешкілік бөлмесіне келіп, сөге сөйлеп, жұдырық жұмсай жаздапты. Өзі де талай жыл газетте істеген, пікірталас мақалалардың жариялана беретінін біле тұра, досының дау шығарып, жазықсыз жазғырғанына өкпелеген Оралхан реніш-қынжылысы ішіне сыймай маған хабарласқан екен. Мен басу айтып, тігісін жатқыза сөйлеп, арағайыншылық жасап, сабырға шақырдым. Дөрекі мінез, шайпау сөз шымбайына қатты батса керек, сол сәттегі көңіл күйін күнделігіне түсіріпті. Оны кейін маған өзі айтқан.

Шындығы осы. Ақиқаттығына арым куә. Айтқандайын, Оралхан ішіне кір сақтамайтын, ойын жасырып-жаппай сол сәтінде айтып салатын. Ренжісе де, ашуланса да қайтымы тез еді. Ол әлгі аузын ашса жүрегі көрінетін жігіттің төресі еді ғой. Оның нақты бір мысалы жоғарыда сөз болған мақалаға байланысты ренжіскен екі досымен де кейін жауласқан жоқ. Әуелгі достық қарым-қатынасы алғаусыз жалғаса берді.

Шын мәнісінде Оралханның адал достары аз емес-тін. Біздің алғашқы танысқан күннен өле-өлгенше арамыздан қыл өтпестей қияметтік дос болғанымыз Аллаға аян. Сөзіме дәлел болатын дәйектер келтіріп, ақталғандай, мақтанғандай болмай-ақ қояйын. Алайда, жаңа кітаптарына жазып берген қолтаңбаларынан бірер мысал келтірсем достығымыздың куәсі болып қалар деймін.

Оралхан республикалық жастар сыйлығын алғанда соның шашуы ретінде зайыбым ұл туса есімін – Оралхан, қыз туса – Аймен қоюға уәде беріп едім. Сөйтіп, Айменімізге – Айман кіндік шеше, Оралхан кіндік әке болды. Қызымыздың өмірінде екінші ата-анасындай болған достарымыз өле-өлгенше Айменді туған балаларындай бауырларына басып, жыл сайын туған күнін өздері атап өтетін.

1970 жылы жарық көрген тұңғыш кітабы «Қамшыгердегі» қолтаңба: «Қуаға! Құдай жалғыз – мен жалғыз боп жүргенде адал достықпен шын қамқоршы болып едің – ескерткіш болсын! Оралхан». «Өз отынды өшірме» кітабына: «Адал да аңқау азамат қалпыңды енді елу жылдан кейін көргім келеді. Туысың Ораш. 2.VI. 1981» деп жазыпты. Ал «Біздің жақта қыс ұзақ» шыққанда жазғаны: «Құрметті Қу-ағаңа! Мәңгілік достық көңілден. Ораш. 1.04.1984 ж.». Соңғы кітабы «Атау керені» сыйлағандағы сөзі: «Қуанышты да, қайғыны да бірдей көтерісіп келе жатқан досым – Қуағаңа Оралханнан ескерткіш. 19. IV. 1991 ж.».

Өзім емес, Оралханның өз сөзіне сүйеніп, оның нағыз досы болғанымды мақтанышпен айтамын. Сондай-ақ, онымен жан аямас, сырлас та мұндас дос болғандар арасында қас-қағым сәтте өлшеулі өмірден өте шыққан қазақтың айбоз азаматтары Акселеу, Кәрібай, Серік бар. Оралханның көзі тірі аяулы достары Асанәлі, Кәдірбек, Дулат, Бексұлтан, Төлендер ше?! Әлібек, Тұрсын, Дидахмет, Жүрсін, Иранбек, т.б. іні-достары аға достарының алдынан қия кесіп өтіп пе еді?!

Сөз түйіні: Оралхан жалғыздық көрген жоқ, нағыз достары көп болған аяулы азамат, атақты жазушы.

Өтпелі де өшпелі жалған дүние кімге опа берген дейсің?! Әйтсе де артына – ұрпағына өлмес мұра қалдырған жазушыны қалайша опасыз дүниенің құрбандығына қосарсыз. Оралхан сынды саңлақ суреткер жазушының есімі елінің есінде мәңгілік сақталарына сенгендіктен оның тағдыры туралы сөз қозғағанда өкіне беру қисынсыз.

Қалың елі қазағының азаттығын аңсаған, басына бақыт құсы қонуын көкसेген, асқар Алтайдың ақиығы, Мұзтаудың мұзбалағы атанған қазақ әдебиетінің Кербұғысы, ұлт тіліне уызынан жарыған қанатты қаламгер Оралхан «тіпті де өлген жоқ» (Оралханның өз сөзі) бүгін де, ертең де біздің ортамызда. Оның бүкіл шығармашылығы – Қазақ туралы жыр.

Қуанышбай ҚҰРМАНҒАЛИ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.